


ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ АМЕБАЛЫҚ ҚАНТЫШҚАҚ, ФИТОФТОРОЗ, ОБА, КҮЛ, ЛЕЙШМАНИЯ, ГЕРПЕС

8.4.3.1 ҚАРАПАЙЫМДЫЛАР, САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР,
БАКТЕРИЯЛАР МЕН ВИРУСТАР ҚОЗДЫРАТЫНМЕН
ТУЫНДАЙТЫН АУРУЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН
СИПАТТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН
СИПАТТАУ



САБАҚ МАҚСАТТАРЫ


- Оқушылар жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын анықтап, олардың таралу жолдарын және алдын алу шараларын түсіндіреді.
- Қоздырғыштардың әртүрлі биологиялық табиғатын салыстырып, жұқпалы аурулардың белгілерін ажырата алады.
- Денсаулық пен жеке гигиенаның маңызын түсініп, жауапкершілік пен экологиялық сананы қалыптастырады.



Викторина "Игровое шоу"
Ұяшықтағы
сұрақтар: Жасушалық
және гуморальдық
иммунитет. Лейкоциттер



Викторина
с множественным
выбором и ограниченным
временем, несколько
жизней и бонусный раунд.





But many people like to know what causes it, so they can better prevent it

Тапсырма 1.Топтық жұмыс

Жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын анықтау, олардың таралу жолдары мен алдын алу шараларын салыстыру.

1 топ: амебалық қантышқақ пен фитофтороз ауруының қоздырғыштары, жұғу жолы, негізгі белгілері, алдын алу шаралары



2 топ: оба мен күл (дифтерия) ауруының қоздырғыштары, жұғу жолы, негізгі белгілері, алдын алу шаралары



3 топ: лейшмания мен герпес ауруының қоздырғыштары, жұғу жолы, негізгі белгілері, алдын алу шаралары



Дескрипторлар

- 1) Ауру түрін дұрыс анықтайды.
- 2) Қоздырғышын және жұғу жолын сипаттайды.
- 3) Алдын алу шараларын түсіндіреді.
- 4) Топта тиімді қарым-қатынас орнатады.




Тапсырма 2.Жұптық жұмыс “Дұрыс шешім қабылда” әдісі

Жұбымен мәтінді пайдаланып талдау жасайды. Ауру түрін, таралу жолын және алдын алу шараларын анықтайды

Жағдаяттар:

- 1) Мұрат жазда тоған суынан шомылып, сол судан ішкен. Бірнеше күннен кейін іші өтіп, әлсіздік байқалды.
- 2) Айгерімнің ерінінде көпіршіктер пайда болып, күйдіріп, ашыта бастады.
- 3) Картоптың жапырақтарында қара дақтар пайда болды, кейін шіріп кетті.
- 4) Меруерт вакцина салдырмаған. Мектепте күл ауруы тараған кезде, ол жұқтырып алды.



Дескриптор:

- 1) Аурудың түрін және қоздырғышын анықтайды – 1 балл;
- 2) Жағдаяттағы жұғу жолын дұрыс сипаттайды – 1 балл;
- 3) Алдын алу шараларын нақты ұсынады – 1 балл;

Тапсырма 3. Жеке жұмыс. “Сөйлемді аяқта” әдісі

Төмендегі сөйлемдерді оқып, ойды толықтыр:

- 1) Амебалық қантышқақ ауруын тудыратын ағза — _____.
- 2) Фитофтороз ауруы көбіне _____ өсімдіктерінде кездеседі.
- 3) Герпес вирусы көбінесе _____ пайда болады.
- 4) Күл ауруының негізгі алдын алу шарасы — _____.
- 5) Лейшмания ауруы адамға _____ арқылы жұғады.
- 6) Оба ауруының қоздырғышы — _____.



Дескрипторлар:

- 1) Сөйлемдерді мағыналы және дұрыс толықтырады – 1 балл;
- 2) Қоздырғыш түрін және алдын алу шарасын ажыратады – 1 балл;
- 3) Негізгі ұғымдарды орынды қолданады – 1 балл;



Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырма

Тапсырма: “Себебін тап және шешім ұсын!”

Мәтін:

Меруерт пен Айдын ауылға демалысқа барды. Олар өзен жағасында шомылып, қолдарын жумай тамақ ішті. Бірнеше күннен кейін Меруерттің іші өтіп, әлсіздік байқалды. Ал Айдынның ерінінде ұсақ көпіршіктер шығып, ашытып ауырта бастады.

Сұрақтар:

- 1) Меруерт пен Айдынның жағдайында қандай ауру түрлері байқалып тұр?
- 2) Бұл аурулардың қоздырғыштары қандай ағзаларға жатады?
- 3) Аурулардың таралу жолдарын ата.
- 4) Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қандай әрекеттер жасау керек?
- 5) Осындай жағдай өз өміріңде кездесе, сен не істер едің?



Дескрипторлар:

- 1) Мәтіндегі ақпаратты талдайды – 1 балл;
- 2) Ауру түрі мен қоздырғышын анықтайды – 1 балл;
- 3) Алдын алу шарасын ұсынады – 1 балл;
- 4) Өз ойын өмірмен байланыстырып жеткізеді – 1 балл;

“МЕН БІЛДІМ – МЕН ҮЙРЕНДІМ – МЕН ҚОЛДАНАМЫН”

